



Жалағаш жаршысы



«zhagalash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Дода



Көшпенділер ойынында көш бастадық

Әлем елдері көз тіккен V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны күні кеше өз мәресіне жетті. Астана төрінде 90-ға жуық елден 2000-нан астам спортшы бақ сынады. Жалпы саны 97 медаль сарапқа салынды. Сондай-ақ ойынды тамашалауға әлемнің түкпір-түкпірінен 100 мыңға жуық турист қонаққа келді.

Бір қызығы, биыл көктемде бюджеттің қысқаруына байланысты дүбірлі доданың жабылу рәсімі хаттамалық форматта өрі көрерменсіз өтті. Алайда халық айтұлы іс-шараны отандық телеарналардың тікелей эфирінен тамашалауға мүмкіндік алды.

Көшпенділер ойыны өте тартысты өтті, өйткені барлық қатысушы мықты дайындықпен келген. Спортсүйер қауым ұмыт қалған кейбір ұлттық спорт түрлерінің қыр-сырымен танысып, тіпті жанкүйерге айналды. Соңғы жарыс күні Ұлттық құраманың спортшылары 11 алтын, 9 күміс, 9 қола медаль жеңіп алды.

Сүйіштіліктен жаңалық, Қазақстан құрамасы 44 алтын, 34 күміс, 37 қола медаль еншілеп, жалпыкомандалық есепте 1 – орынға жайғасты. 18 алтын, 21 күміс, 25 қола иеленген Қырғызстан құрамасы 2 – орынға табан тіреді. Өзбекстан 11 алтын, 12 күміс, 11 қоламен үздік үштікті түйіндеді.

Осылайша елордада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны керемет көңіл-күйде аяқталды. Ең бастысы, әлемдегі барлық тәуелсіз және егемен түркі мемлекеттері бір шаңырақ астына бірікті.

Ж.ЖАЗКЕН

Егінжай – 2024

Жанармай бағасы шаруаға жайлы ма?



Ел шаруалары күзгі науқанды бастап кетті. Кейбірі аяқтап та қалды. Астықтың өнімділігі жалпы топырақтың құнарлылығы, дақылдардың сұрпы, агротехникалық өңдеу әдістерінің деңгейі, тұқым сапасы және климат секілді көптеген факторларға байланысты. Синоптиктердің болжамынша, қыркүйек айының соңында жауын жауып, ауа температурасының төмендеуі күтіледі. Мұның бәрі ораққа кері әсер етуі мүмкін, сондықтан оны уақытында бастау керек. Ол үшін шаруалардың техникалық базасы жаңартылғаны дұрыс. Мұнан бөлек сол техникалардың жұмыс істеуіне жеткілікті жанармай да болуы маңызды.

Осы орайда Энергетика министрлігі Ақмола, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының аграршыларының өтінімдері бойынша астықты кептіру агрегаттары үшін 67,7 мың тонна көлемінде арзандатылған дизель отынының қосымша көлемін бөлген.

Шыны керек, бүгінде сұйытылған газды жеңілдетілген бағамен бөлу мәселесі өзекті болып отыр. Астық егетін алты өңірдің бүкіл егін жинау маусымына кептіргіштердің жұмысы үшін жалпы қажеттілігі 21,5 мың тонна сұйық отын болса, қазіргі уақытта 5 мың тонна бөлінген. Сұйытылған газ сұйық отынмен жұмыс істейтін кептіргіштердің ең көп саны орналасқан Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына таратылған. Басқа үш облыс-

тың фермерлерін кептіру агрегаттарын сұйытылған газбен жедел қамтамасыз ету үшін бөлінген отын көлемі қажеттілік туындаған өңірлерге қайта бөлінбек.

Үкімет тарапынан астық жинау маусымына газ қажеттілігін толық қамтамасыз ету үшін өндірішіден сұйытылған газдың коммерциялық бағасын арзандату мүмкіндіктері қарастырылып жатыр. Сонымен қатар ішкі нарықта сұйытылған газға деген жоғары сұранысты ескере отырып, өңірлерге кептіру агрегаттарының мүмкіндіктері кезінде отынның екі түрімен жұмыс істеу, соның ішінде дизельді таңдау ұсынылған.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма төрағасы Айдар Прашевтың айтуынша, егін жинау кезеңінде астық кептіргіштерді жылдық пайызбен сатып алуға

несие беру үшін қаржы құралы әзірленген. Бүгінде фермерлерден 260 млн теңгеге 6 өтінім түскен. Ақта кету керек, ауыл шаруашылығы техникасы құнының 30 пайызын мемлекет субсидиялайды.

Статистикаға сүйенсек, 10 қыркүйектегі жағдай бойынша еліміз бойынша шамамен 4,7 млн гектар дөңді және бұршақты дақылдар жиналған. Бұл барлық өнімнің 28 пайызын құрайды, әр гектардан жиналған орташа өнім – 14,9 центнер, осыған дейін шамамен 6,9 млн тонна астық бастырылған.

Күзгі науқанға 1027 техника қатысуда

Ауданға тоқталсақ, бүгінде егілген 19 800 гектар күріштің 5450 гектары,

яғни 27,5 пайызы орылып, 3160 гектары жиналған. Күріштің әр гектарынан 50 центнерден, барлығы 158 мың центнер өнім алынған.

Сондай-ақ аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Мәселен, биыл 842,1 млн теңгеге 15 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынған. Қазіргі таңда күзгі дала жұмыстарына аудан бойынша 1027 техника қатысуда. Оның ішінде 431 трактор, 249 комбайн, 124 жатқа, 58 жүк көлігі, 165 трактор тіркемесі бар. Жөндеу жұмыстары жүргізіліп, күзгі дала жұмыстарына толығымен дайын.

Аудан шаруашылықтары тарапынан күзгі егін жинау жұмыстарына GosAgro.kz порталы арқылы 52 шаруашылықтан 1330 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтімді берілген. Нақтырақ тоқталсақ, «Жібек Жолы» ЖШС-ға 19 шаруашылықтан 586 тонна, «РК Мұнай» ЖШС-дан 33 шаруашылықтан 744 тонна қарастырылған. Бүгінде дейін операторлардан 311 тонна дизель жанармайы алынған.

Ж. МАХМҰТҰЛЫ

Еңбек адамы

Таяуда алқаптағы дала қосында болдық. Егіс басы қызу еңбек. Еңбек адамдарының таңы ерте атады екен. Өйткені егіс алқабында қайнаған жұмыс таң атысымен басталған, атызға сұлаған Сыр салысын қос комбайн қатар жинап, жиектегі трактор тіркемесіне кезек-кезек төгеді. Дән тасымалдайтын механизаторлар да өз ісіне машықтанған, бірінің тіркемесі толса, келесісі кезекте тұр. Осындай алқап басындағы қайнаған жұмыстың куәсі болдық.

Дала төсін жаңғыртып жүрген «John Deere» комбайнның қасына келіп тоқтадық. Алдымыздан беті күннен толыққан бидай өңді Асылбек Серікбаев шықты. Комбайншы қысқа ғана амансаулық сұрасты. Өйткені сөйлесуге мұршасы жоқ.

— Ассалаумағалайкүм, оң болсын! Асекең «Қазір ауа райы қолайлы, даланың оты да, егін де бітік шықты», дейді. Жалпы комбайн күніне 18 атызды ора, яғни 1000 центнерге дейін астық жинайды екен. Еңбек өнімділігі осында артатындай жөні бар. Себебі «Байтабын» шаруа қожалығы бүгінде техника паркін 100 пайыз жаңартқан.

Комбайнер Асылбек Серікбаевтың айтуынша, шаруашылықтың 6 және 8-ші бригадасы қыркүйектің басында күрішке орақ салған. Бұл еңбек ұжымы биыл 680 гектар алқапқа күріш егіпті. Өнімнің шығымы да ала жаздай диқандардың тынымсыз еңбек еткенінен хабар беріп тұр.

— Бүгінде комбайндарды жөндеуден жиі өткізбейтін болдық. Себебі жаңа техникалар бұзыла қоймайды. Шаруашылықтағы жұмысым өзіме ұнайды. Ұжым өте ұйымшыл еңбекқор, тәртіпті



Комбайншы Асылбек

де қатаң сақтаймыз, жалпы бәрі көңілдімізден шығады. Жағдай жасалған жерде неге еңбектенбеске, еңбек етсең, жемісін жеңіңің белгілі. Салада еңбек еткеніме биыл 12 жыл толыпты. Айлық тұрақты және жоғары. Отбасымыз асырауға жетеді. Шүкір, әйелім, 3 балам бар. Иә, бастысы, нан болса, ән де болады. Сол нанның да еңбекпен келетінін ұмытпағанымыз жоқ, — дейді еңбек адамы Асылбек Серікбаев.

Бұрынғыдай емес, қазір ауыл шаруашылығы саласында еңбек етуге жастардың қызығушылығы артқан. Әсіресе техникаға бейімделіп, трактор,

жатқа, комбайн жүргізуді үйренгісі келетіндер жеткілікті. Бұрынғыдай қара топыраққа малынатын заман өткен. Өйткені қазіргі техникалар заманауи үлгіде жабдықталған. Комбайнда кондиционер, магнитофон, мұздатқыш бар, жалпы жұмысына қолайлы жағдай жасалған. Тіпті комбайншылар «Ақ көйлек, костюм-шалбар киіп, техника тігіндесең де болады, шаң жұқпайды» деп әзілдейді.

Иә, ауыл тіршілігінде, егін мен мал өсіруде кейінгі буын ақсап тұрса, онда алдағы дамуымызға көп кедергі болары анық. Сондықтан ауыл шаруашылығы

саласына бейім жетілгендер еңбекке жиі тартып, тәжірибелі комбайншылар техника саласындағы ұзақ жылғы тәжірибелерін жастармен бөліскені маңызды.

Егістік басында болғанымызда өңірміздегі ауыл шаруашылығы саласының келешегі кемел екеніне айқын көз жеткіздік. Егіс басынан қозғалғанымызда қара жолдың үстінде трактордың тіркемесімен алқаптан қырманға қарай өңдетіп бара жатқан жұмысшыларды көрдік. Керемет көрініс!

Жандос ЖАЗКЕН

Аңдатпа



Мырзабайдағы орта мектеп

Аудан орталығынан шалғайдағы Мырзабай ахун ауылына сәрсенбіде тілшілік тіршілікпен жол түскен. Сапарымызда осы ауылдағы №122 орта мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, жаңа оқу жылында алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер және бітіруші түлектермен жүздестік. Ауыл мектебі биылғы оқу жылында 221 оқушыға құшағын айқара ашқан. Оның 13-і мектеп алды даярлық сыныптың табалдырығын аттаған бүлдіршіндер екен. Биыл білім ошағынан 19 оқушы түлеп ұшады. Оның 2-еуі – «Үздік аттестатқа» үміткер. Қазіргі таңда 17 түлек ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға ниетті. Қуантарлығы, жазғы уақытын тиімді пайдаланған түлектер алғашқы сынама тесттен жоғары балл жинапты.

2 ҚОҒАМ

Мәжіліс

Жылу маусымы: жалағаштықтар дайын ба?

Жуырда жылау маусымына байланысты Үкімет отырысы өтті. сонан соң облыс әкімі, тиісінше аудан әкімі осы мәселенің жергілікті деңгейде қалай атқарылып жатқанын саралады. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен жиында Жалағаштағы барлық мекеме басшыларына Ел Президентінің қолдауымен басталған маңызды жобаларды облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес нәтижелі аяқтауды тапсырылды.

Жиында тиісті сала басшылары мен ауыл әкімдеріне ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту бойынша міндеттерге сәйкес салықтық түсім көздерін, инвестиция тарту, кәсіпкерлікті дамыту мен ауылшаруашылығы өнімдерін өндiрудi ұлғайту мәселелерін толық шешу жүктелді.

Мәжіліс отырысында күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек салық базасын ұлғайту, бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау, келесі егін егу маусымына дайындық, жылу беру маусымы қарсаңындағы жоспарланған жұмыстар барысы талқыланды. Аудан әкімі жылу беру маусымында қатты отын тапшылығын болдырмау мақсатында қазірден бастап тұрғындар сұранысына сәйкес уақытылы және сапалы құрамда қатты отынмен қамтамасыз ету жұмыстарын қолға алу қажеттігін айтты.

Ауданда жылытылатын 100 әлеуметтік, бюджеттік нысан бар. Әлеуметтік нысандар – 81, мемлекеттік мекемелер – 19. Әлеуметтік нысандардың 28-і сұйық отынмен, 37-сі қатты отынмен, 14-і газбен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

Былыр бастау алған Ақсу мен М.Шөменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары быыл қарқынды жүргізілді. Қос елді мекенді газдандыру жұмыстарын жүргізуге сәйкес ауданда 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына қатты отын қажеттілігі 11 900 тоннаны құрайды. Оның ішінде аудан тұрғындары үшін 9 мың, коммуналдық тұрмыстық секторға 2 900 тонна қатты отын жеткізу жоспарланды.



Быыл шілде айынан бастап тұрғындар үшін «Дүйсебаева» ЖК 1 470 тонна, «Қырмызы» ЖК арқылы автокөлікпен 1090 тонна көмір жеткізілген. Қазіргі таңда қоймаларда 2115 тонна көмір бар.

Бүгінде кентте 2 881 тұрғын үй және 13 әлеуметтік, 127 кәсіпкерлік нысан орталықтандырылған газ желісіне қосылған. Мұнан бөлек елді мекендерді газдандыру бағытында 1 млрд 86,2 млн теңге бөлінген. Ал М.Шөменов елді мекенінде 294 тұрғын үй болса, халқы саны – 1003. Бұл ауылды газдандыру жұмысына былыр бюджеттен 63,8 млн теңге қаралып, бөлінген қаржы шегінде жұмыстар толық жүргізілген.

Быыл Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 485,3 млн теңге қаралған.

Ақсу елді мекенінде халық саны – 1674, ал тұрғын үй саны – 204. Бұл ауылды газдандыру жұмысына былыр облыстық бюджеттен 20 млн

теңге қаралып, толығымен игерілген. Быыл құрылыс монтаждау жұмысын жалғастыру үшін Ұлттық қордан 100 млн теңге, облыстық бюджеттен 397,4 млн теңге бөлінген.

Бүгінде елді мекендердегі құрылыс монтаждау жұмыстары 100 пайыз аяқталып, қазіргі таңда нысанды қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Фабит Ерболұлының айтуынша, қос ауылдағы жобалар биыл жүзеге асырылғаннан кейін аудан тұрғындарының 57,8 пайызы табиғи газбен қамтамасыз етіледі.

– Ендігі кезекте Қаракеткөң Далдабай және Бұқарбай батыр елді мекендерін газдандыру үшін жоба-сметалық құжаттар демеушілік есебінен әзірленуде. Жобалаушы мекеме – «Дос-СтройПроект» ЖШС. Сонымен қатар аудан орталығындағы әкімшілік ғима-

раттар мен әлеуметтік нысандарды табиғи газға ауыстыру мақсатында быыл бюджеттен 68,4 млн теңге бөлінді. Мәселен, кент әкімі аппаратының және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қазандықтары табиғи газға қосылып, пайдалануға берілді, – дейді бөлім басшысы.

Айта кетейік, мұнан бөлек кенттегі №123 мектеп-лицейі мен №246 орта мектебін табиғи газға ауыстыру жолымен қазандықты реконструкциялау жұмыстарын жүзеге асыру бойынша 42,5 млн теңгеге газдандыру жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілген. Аудан басшысы жылу беру маусымына дайындық барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды қатаң ескертіп, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар берді.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Сапар

Маңызды мәселелер назарға алынды

Осыған дейін облыстағы құқық қорғау саласының қазіргі жағдайын зерттеу жүргізу, алдағы уақытта маңызды мәселелерді айқындау мақсатында арнайы жұмысшы топ құрылған. Облыстық мәслихат депутаты, жұмыс тобының төрағасы Әмірбек Шаймағамбетов Жалағаш ауданына іс-сапармен келді. Алдымен аудан әкімі Ардақ Ибраимовпен маңызды мәселелерді пысықтаған халық қалаулысы аудан прокуроры Шыңғыс Есжановпен кездесті.



Кездесуде ауданның құқық қорғау органдарының жұмыс сапасы мен алдағы жоспарлары туралы айтылып, қазіргі таңда ауданда қандай қылмыстар жиі орын алууда, қылмыскерді дер кезінде анықтауда және орын алған қылмысты жедел ашуда нендей кедергілер бар, осы және өзге де сауалдардың түйіні тартылды.

Мұнан кейін халық қалаулысы Әмірбек Шаймағамбетов пен «Атап» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева аудандық полиция бөліміне аялдап, мекеменің материалдық-техникалық базасымен танысты. Халық қалаулысы барлық стандартқа сай полиция бөлімі еліміздің санаулы өңірлерінде ғана бар екенін тілге тиек етіп, соның бірі Жалағаш ауданында бой көтергенін жеткізді.

Ғимараттың материалдық-техникалық базасымен танысқан халық қалаулысы Әмірбек Шаймағамбетов полиция қызметкерлерімен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан туындайтын мақсат-мін-

деттерді талқылады. Әмірбек Бердібекұлы Президент Жолдауында маңызды мәселелер қамтылғанын, сондай-ақ нақты мақсат-міндеттер көрсетілгенін жеткізіп, оны орындауға баршамиыз жауапты екенін де қаперге салды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында еліміздің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, ішкі және сыртқы саясаттарын жетілдіре түсудің айшықты міндеттері жарқын көрініс тапты. Биылғы Жолдаудың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты тақырыппен ұсынылуының өзі ел ертеңіне деген сенімді нығайтып, мемлекет болашағына деген оптимистік үмітке өт беріп отыр. Саяси құжатта Қасым-Жомарт Тоқаев «Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз» деп мемлекеттік даму саясатының нақты жолдарын айқындап берді. Сондай-ақ Мемлекет бас-

шысы 2025 жылды «Жұмысшы мандықтары жылы» деп жариялауы қоғам ішінде үлкен серпіліс туғызары ақиқат. Өйткені еліміздің барлық саласы қазіргі таңда орта кәсіби мамандар жетіспеушілігін сезініп отыр. Ал бұл қадамның техникалық және кәсіби білім беру жүйесін табысты реформалау арқылы оң шешімін табуына күмән келтіруге болмайды. Жалпы жаңа Жолдаудағы «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидаты арқылы еңбек адамының қашанда құрметті, әрі сыйлы болу биігіне көтеру бүгінгі Әділетті Қазақстанның жарқын айнасы болуға апарар жасампаз жолы болары хақ. Бұлардан басқа да аса үлкен келелі де өзекті мәселелерді көтерген жаңа Жолдаудың түпкі мақсаты ел игілігін артыруға, қоғам тыныштығы мен ынтымақты сақтауға негізделген жылдың саяси құжаты болғаны анық. Ендігі алда тұрған аса жауапты міндет – Жолдауда айқындалған мәжеле міндеттердің табысты орындалуына барынша ықпал етумен ерекшеленбек, – деді халық қалаулысы.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Сауалнама

АЭС салу идеясын қолдайтындар үлесі басым

«СОЦИС-А» кешенді әлеуметтік зерттеулер институты – Астана» жеке қоры КЭЗИ ҚҚ 11-12 қыркүйек аралығында халық арасында телефон арқылы сауалнама жүргізген болатын. Аталған сауалнама ҚР заңнамалық нормаларын сақтай отырып жүргізілгені, атап айтқанда, референдум өткізу мерзіміне қарсы қоғамдық пікір өлшемін жүргізу туралы ҚР ОСК хабардар етіліп, оған ҚР ОСК-сы 11.09.2024 жылы №3Т-2024-05252908 хатпен жауап бергені атап өтілген. 17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан азаматтар қатысқан сауалнама ауқымы 1000 респондентті қамтыды.



Сауалнама анкетасына «Сіз АЭС салу бойынша референдумға қатысасыз ба, Қазақстанда АЭС салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады және сіз Қазақстанда АЭС салуға келісесіз бе?» деген сұрақтар өнгізілді. Қорытындысына келсек, «Міндетті түрде барамын» (35,6 пайыз) және «Мүмкіндігінше баруға тырысамын» (20,2 пайыз) нұсқаларын таңдаған респонденттердің үлесі жалпы іріктемеңің 55,8 пайызын құрады. Осылайша сауалнамаға қатысқан әрбір екінші адам референдумға баруға дайын екенін көрсетті.

Сауалнамаға қатысқандардың оннан бір бөлігінен астамы «референдумға қатыспаймын» деген жауапты таңдады. Алдыңғы ақпаратқа қарағанда, референдумға қатысу, қатыспау туралы «әлі бір шешімге келмеген» респонденттердің үлесі жоғары болды, яғни жалпы қатысушылардың 16,6 пайызы әлі бір шешімге келмеген.

Айта кетейік, бұл сауалнамаға қатысқандардың 13,6 пайызы бұл жаңалықты бірінші рет естіп отыр, яғни бұған дейін олар атом электр станциясын салуы мүмкін деген жаңалықтан бейхабар болған.

Респонденттердің 1,8 пайызы бұл сұраққа «жауап беруге қиналамын» деп көрсеткен. Ал «Қазақстанда атом электр станциясын салу туралы қандай ақпарат сізді қызықтырады?» деген сұраққа пікірлер эмоционалды ұстанымнан бастап толығымен прагматикалық дәлелдерге дейін құбылады. Мәселен, «азаматтардың денсаулығына әсер етуі ықтимал» және «экологияға әсер етуі ықтимал» деген эмоционалды пікірлері бар жауаптарды таңдау тиісінше 59,5 және 54,1 пайызды құрады. Бұл ең алдымен желіде АЭС салу ықтималдығы туралы алғашқы ақпарат пайда болған сәттен бастап мұндай жобалардың қауіптілігі туралы әртүрлі пікірлер тарала бастағандығына байланысты болуы мүмкін.

Айта кетейік, сауалнамаға қатысқан халық АЭС-те қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты шаралары бойынша прагматикалық ойлар айтқан. «Апаттардың алдын алу жөніндегі қауіпсіздік шаралары» (43,1 пайыз), «Радиоактивті қалдықтарды басқару» (24,9 пайыз), «Қауіпсіздік» (16 пайыз), (Ескерту: Қосындысы 100 пайыз емес, өйткені респонденттер бірнеше жауап нұсқаларын таңдай алды).

«Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұраққа келісетіндердің үлесі 60,4 пайызды құрады. Сауалнамаға қатысқандардың 30,1 пайызы АЭС салу идеясын қолдамайды. Қатысқан әрбір оныншы адам (9,5 пайыз) атом электр станциясының құрылысына қатысты сұраққа жауап беруден бас тартқан. Зерттеудің жалпы қорытындысына келсек, респонденттердің 55,8 пайызы өз азаматтық ұстанымын көрсетуге және АЭС салу мәселесіне қатысты дауыс беруге ниет білдірген. Ал АЭС құрылысын қолдаушылардың үлесі – 60,4 пайыз.

Жүргізілген социологиялық сауалнама нәтижесінде әрі қарай жария түсіндіруді талап ететін экологиялық және техникалық қауіпсіздік критерийлерінің контурлы межеленді. Атап айтқанда, халық денсаулығы қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ құрылыстың техникалық жағы және атом станциясының болашақ жұмысшыларының кадрлық құрамының кәсібилік деңгейі туралы алаңдайды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Акция



Экологиялық таза ел болашақ үшін маңызды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Экологиялық ахуалды жақсартудың маңыздылығын кеңінен насихаттауды тапсырған болатын. Осы орайда жалағаштық партияластар «Таза Қазақстан» партиялық жобасымен «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы аясында кентшілік саябаққа тазалық жұмыстарын жүргізді.

Акцияға партия филиалының қызметкерлері, аудандық мәслихаттағы «Атап» партиясы депутаттық фракциясының, «Дарын», «Даму» бастаушы партия ұйымдары мен «Жас тар рухы» жастар қанатының мүшелері қатысты. Тазалық жұмыстарына қатысқан «Жас тар рухы» жастар қанатының төрағасы Асхат Ахметжамиев «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының маңыздылығын Президент халыққа арнаған Жолдауында кеңінен тоқталғанын айтты.

– Мемлекет басшысы Жолдауында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы төңірегінде айтқанда атом электр станциясының құрылысы салу мәселесін тілге тиек етті. Қазақстан экономикасы үшін энергетикалық және өнеркәсіптік өндірісті әртарапандыру, заманауи технологияларды өңізу, қоршаған ортаға зиянды заттардың қалдықтарын азайтуда мұндай жобаны қолға алу керек деп есептеймін. Фалықтар атом электр станциялары қоршаған ортаны түтін газдары, құл-

мұнай өнімдері бар ағынды сулар сияқты заттармен ластанбайды. Бұл энергия көзі жаңартылатын энергия көздерімен салыстырғанда ең экологиялық таза болып табылатынын айтып отыр. Экологиялық таза ел өзіміз және болашағымыз үшін маңызды, – деді Асхат Ахметжамиев.

Айта кетейік, экологиялық акцияда саябақтың қоршаулары сырланып, арамшөптер шабылды. Талдар өкпеліп, құл-қоқыс шығарылды.

«ЖЖ» ақпарат

Сейілбек Шаухаманов – 85 жыл

Қайталанбас тұлға

Атам қазақта «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деген ертеден айтылып келе жатқан нақыл сөз бар. Алайда қазіргі заманда секундына пәлен шақырым бағындыратын ұшқыштармен салыстырғанда көңілдің жүйріктігін көк дөненмен салыстыру есте күлкілі болар еді. Бірақ бұл – замана жемісі. Мәселен, бұдан жүз жыл бұрын қазақ даласында көк дөненнен асқан жүйрік бар ма еді?!



төрен түсінікпен, асқан ұйымшылдықпен өтті. Бұл халықаралық, мемлекетаралық саяси, әлеуметтік шараның жоғары дәрежеде өтуіне елдің, жердің егері есебінде бұл өлеулі үлес қостық, – деген еді.

Ол аймақты басқарған жылдары облыста мұнай өндіру қолға алынып, түбегейлі жаңа өндірістік сала игеріліп, теледидар мен агроинженерлер институты ашылып, тамаша диагностикалық кеңес беру, емдеу орталығы және көпсалалы жаңа облыстық аурухана салынды. Сейілбек Шаухаманұлы Қазақстан КП Орталық Комитетінде жауапты қызмет атқарып, ҚР Көші-қон және демография агенттігінде басшылық жұмыста болды. Ол КОПҚ мен Қазақстан Компартиясы Орталық комитеттерінің мүшелігін сайлаған, XI және XII шақырылған Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаты. Бірнеше рет облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық кеңес депутаты болды. «Қазан революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендер және бірнеше медальдармен марапатталған. ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығы қарсаңында «Құрмет» орденінің иегері атанды. 2009 жылы «Парасат» орденмен, Қазақстан мен Әзірбайжан елдерінің «Құрмет» грамоталарымен марапатталған. Хорезмнің, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Жаңақорған ауданының «Гасыр адамы», Облыстың жеті ауданының құрметті азаматы». Экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, саясаттанушы.

Кісінің жолын ашып, алға бастайтын құдіретті күштің бірі – оның халқына деген қай салада болсын әрқандай да деген шексіз ықыласы мен құрметі. Ол қай жұмысты болсын тез меңгеріп, тез кезге түсетін. Тағы бір айрықша қасиеті, ол өзімен кездескен адамның ықыласын сикыршыдай аударып, айтқан пікірінші дұрыстығына тез сендіре алатын. Оның аңғарымпаздығы мен адамдарға деген сәзімталдығының өзі оны білетіндерді қайран қалдыратын.

Оның ұйымдастырушылық қабілеті басқаларда сирек болатын құбылыс еді. Ол бұл қасиетін, бірнеше облыстың бірінші басшысы болған кезде көрсете бекті. Өйткені оның облысты басқару кезінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы өмірдің өзі туындаған жаңа реформаларды өмірге енгізу жұмыстарымен тұспа-тұс келді. Бұл кезде мұндай жаңалыққа еңбекші халық та, басшы орындарда жүрген кадрлар да толық дайын емес-ті. Бір сөзбен айтқанда, елімізде нарықтық экономиканың қалыптасуына Сейілбек Шаухаманұлының қосқан үлесі қоматты. Әсіресе ол облыс көлеміндегі қай салада болсын кадрларды басқалардай қалай болса солай алмастырудан аулақ болды, халық шаруашылығының басқару құрылымының қанша рет өзгергеніне қарамастан елдің экономикалық ахуалы мен саяси өмірін бірқалыпты ұстап, облыс халқы жаңа заманның жаңа міндеттерін орындауға жұмылдырды.

II

Сөкпен 1975-1980 жылдары қызметтес болғандықтан одан біліп түсінген талай дүние есімізде қалыпты. Ол кезде Сөкен Жалағаш аудандық партия комитетінде екінің хатшы болып қызмет атқарған. Ал мен аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасадым. Ол кезде аудандық партия комитетінің аппарат жұмысындағы жауапты қызметкерлер уақытпен санасу дегенді білмейтін. Олар аудандығы 1500 коммунистің ішінен жұмыста ысылған комсомол кәсіподақ, бастауыш партия ұйымдары деп аталатын мектептерден өткен білімді де саяси сауатты кадрлардан іріктелген еді.

Хатшылардың өзара жұмыс бөлісуіне қарай жетекшілік жасайтын салалары да алдын ала анықталатын, соған сәйкес Сөкен аудандығы бүкіл мал шаруашылығы жұмысына басшылық жасай-

тын. Оның басты себебі ауданда мал шаруашылығы саласында жөндеуді өмір талабына сай жолға қоюды талап ететін жұмыстар баршылық еді. «Оны Сөкендей басшы ғана жолға қояды» деген сенім бірінші хатшының көңіліне мықтап ұялаған еді. Шын мәнінде солай болды да, ол мал шаруашылығы саласындағы басшылық жұмыстарға еңбекте ысылған мал шаруашылығынан хабары бар жас мамандарды тарту, қызметке орналастыру, оларды қолдап отыру мәселесіне айрықша назар аударды. Бұл жөнінде ұсыныс-пікіріне аупарткомның бірінші хатшысы Қонысбек Төрешұлы үнемі оң баға беретін. Нәтижесінде бұл жылдары сала басшылары мықты кадрлармен толықты. Атап айтсақ, мал шаруашылығы цехының бастығы болып Калинин совхозында Қыдырбай Бөкжанов, Қазақстанның Ленин комсомолы совхозында Аралбек Қаршығаев, Жаңаталап совхозында Абиқасым Молдашев, Коммунизм совхозында Сейтжан Аманжолов, Мәдениет совхозында Ахмед Бөденшов, Таң совхозында Мурат Ойнаров, Ақсу совхозында Амангелді Елібаев жұмыс жасаса, бас зоотехник болып Ақжар совхозында Тұрсын Дүйсебаев, Жалағаш совхозында Рахманберді Тілеуімбетов, Жаңадария совхозында Әбілқасым Әмезбаев еңбек етті.

Ол мал шаруашылығына жетекшілік жасаған жылдары аудан совхоздарының барлығында дерлік мал жемін дайындайтын цехтар салынып, озат тәжірибелі облыстың басқа шаруашылықтарына тарату жөнінде облыстық партия комитетінің арнайы шешімі болды. Сол сияқты сүт дайындау цехы да осы кезеңде сүт өндіретін совхоздардың өндірісінде іске асырылған. Бұл жылдары аудан совхоздарында 110 қой, 23 мың ірі қара, 5 мың жылқы, 2 мың түйе болатын. Мемлекетке ет, сүт, жүн, қара елтірісін тапсырудың халықшаруашылық жоспары жыл сайын артығымен орындалды. Мал басын өсіру, оны аман сақтау, төрт түліктен жоспарға сай төлу алу жұмыстары да уақыт талабына сай келді. Осындай қайнаған күзу өңбектің бел ортасында жүрген Сөкен өзіне сеніп тапсырылған жұмысты аса үлкен жауапкершілікпен атқара білді. Содан бері де отыз жылдан астам уақыт өтті. Одан бері қоғам да, қоғамның өзгеруімен өмір де өзгерді. Өйтсе де атқарылған жұмыстарды еске алып, оның басы-қасында болған ел азаматтары айлы жас ұрпаққа жеткізу үлкендердің борышы десем артық болмас.

III

Орыстың атақты жазушысы А.П.Чеховтың «Адам бойындағы нәрселердің бәрі, жүзі мен кімі де, ішкі дүниесі мен ойы да бір-бірімен жарасып, тамаша болуы тиіс», ақыл-ойы жағынан айқын, адамгершілігі жағынан таза, деген құрылысы жағынан тартымды болуы керек» деген өнегелі сөзін оқығаным бар. Ойлап отырсам, осы айтылған қасиеттердің бәрі де Сөкеннің бойынан түгел табылады десем артық болмас. Ол қызмет жасаған жылдары жанылыс көп болатын. Мінберге шыққан шешендер жазып алған баяндамасын оқып шыққанда кейбір тыңдаушылар ұйықтап қалатын. Ал Сөкеннің мінбердегі мезінінің өзі өзгеше еді. Тікелей қызын сөйлегенін былай қойғанда, ұзақ баяндама жасағанда да ешқимді жалқы-тырмай, не айтса да құпшынып, өзгеле де еліктеріңді кейде ойда жоқ, тың мәселелерді айтып, көпті серпілтіп тастайтын.

Осы орайда оймама бір мәселе оралады. Жыл сайын өтетін шопандар, бақташылар, сауыншылар жыны, міне, осылардың барлығында көбінесе екінші хатшы баяндама жасайтын. Онда Сөкен, осы тақырыпта бұрын жасалған баяндамаларын алдына алып отыратын. «Ал жігіттер, бұрынғы жауыр болған сөзден аулақ болайық. Жаңа ой тасталық, жаттандылықты қою керек» деп жаңа міндеттер қоятын. Сондай-ақ оның

алыстан орағытатынын аңғаратынынбы.

Бір совхозға не бір мекемеге барса, дереу жұртпен мидай араласып кететін. Сол жылдары ол аудан территориясында өсіп шығатын шөптің барлық түріне, оның ішінде шөптең де, сексеуіл де бар, солардың құрамында мал азығы қай денгейде екенін арнаулы лабораторияларға жіберіп анықтатқан еді. Басқа ауданға қызметке ауысып кеткенін онымен ешкім айналыспады. Бұл – оның өркес жаңалыққа деген талпыныспен жүретіндігінің бір мысалы. Оның облысты басқарған кезде өмірге «Жасыл өлке» атты программаны енгізгенін айрықша айтуға болады. Өйткені сол программаны жүзеге асырудың нәтижесінде облыс көлеміндегі елді мекендер мен үлкен жол бойлары жасыл желекке бөленіп, жаңа саябақтар пайда болды.

Ол бүгінгі жұмысты ертеңге қалдыруды қаламайтын, басқалардан да осыны талап ететін. Халықтың жақсы қасиеттерін бойына сіңірген азамат сол тәжірибесін кешегі ел басқару кезінде орынды пайдалана білді. Онымен қызметтес болған жылдары басқа да сан қырлы адамгершілік қасиеттеріне күйе болды. Әсерлі, мағыналы сөздері бүгін ел арасында афоризмге айналды. Өтініш-арызбен келген адамдардың бәрін сергек, жылы шыраймен қабылдау оның жұмыс стиліндегі басты белгі болды. Онымен бірге қызмет істегенде жасымызда аса айырмашылық болмаса да одан біз көп нәрсе үйрендік. Сөкенің мінезінде беруден өсте аулақтық. Бірақ шындақты айтпасақ тағы болмайды. Сөкеннің келбетіне қарай ақылдылығы, қамқорлығы, кең пейілі де басқадан биік тұратынына оны білетін замандастары дау айта алмайды.

Жанартаудай тұлғалы азаматтың орынсыз сөйлеп, ашуланғанын көрген емеспіз. Бір естігенін ұмытпайтын, бір көргеннен жаңылмайтын оның жан-жақтылығына шек келтіруге болмайды. Оның үстіне өзінен кіші адамдарға да «Бөке, Шөке» деп сөйлейтін кішіпейілділігі ол кісіге деген басқалардың жүрек жылылығын арттыра түсетін тәрізді. Ол өзінің ынта-жігері, білімін Отанды көркейтеуге, халықтың игілігіне жұмсады.

«Тарихты тұлғалар жасайды» деген сөз бар. Сол тұлғалардың бірі – Сейілбек Шаухаманов. Қатар жүргенде адам көп нәрсені байқап бермейтін жасырын емес. Мүмкін албырт жастықтың өсері болар, уақыт өте көп нәрсені байыбына бара бермегенімді еріске әкесе алуға тура келеді. Атақты публицист жазушы Илья Эрэнбург Фредерик Жолио Кюри туралы «Оны жұрт жаппай сыйлайды деп аз, оны жан-тәнімен шексіз сүйетінді» деп жазған еді. Сол сияқты Сөкенге де өзінің туған топырағы, Сыр өліңдегі барша халықтың, қалаберді елдегі оны білетіндердің сый-құрметпен қарағанына ардагерлер мұқамнасы. Бәз бірлерге бұл өңгіме ұнамауы мүмкін. Өйткені қазақта «көреалмаушылық» деген «пен-деңіс» өлі де жойылмай келе жатқан жоқ па?! Адың шынықтығы ешқандай бүркөусіз бетке айту өте ауыр сын екені даусыз. Осы тұста Сөкеннің орталық баспаларда жарияланған «Бекзат» атты мақаласынан үзінді келтіруді жөн көрдім.

Онда: – 1954 жылы республикалық бір жыныда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы П.К.Понамаренко: «Қазақ халқының атағы өлемге танымал тарихи тұлғалары геолог-академик К.И.Сәтбаев, ғалым, жазушы М.О.Әуезов, ғалым-сағыз А.Қ.Жұбанов сияқты аса дарынды перзенттерін және басқаларды қамқорлыққа бөлеп, ер кәдесіне жаратар ірі жұмыстарға жұмылдырудың орнына сіздер және Қазақстанның бұрынғы басшылары олардың соңына шам алып түсіп, күн көрсетпей, туған елінен кетуге мәжбүр еткенсіздер. Осыдан осы сіздерден қандай жақсылық күтуге болады? – деген екен.

Осы тұжырымды өздең көп нәрсені білуге болады. Ол өмірдің небір асы бөліне көтеріліп, биліктің биік басында болғанда да адал еңбекке сүйенген қарапайым қалпынан айныған емес. Зейнеткерлікке шығып, облыстық ардагерлер ұйымының тізгінін ұстаған күннен бастап аты бар да заты жоқ, қозғалысыз жатқан бұл қоғамдық ұйымның тамырына қан жүгіртіп, жастарға тәрбие беруде ардагерлердің міндетін айқындағанын күсіе болды. Бұл жұмыстың басында сол кезде кім тұрғаны айтпаса да түсінікті. 2008 жылдан бастап облыстық дәрежедегі «Сыр ардагері» бүлігі «Ардагер айнасы» газетінің өмірге келуі, оның әрбір саналы адамның жүрегіне жол тауып, тө ардагерлер ғана емес, көпшілік сүйіп оқытын газетке айналғанын өзі ауыз толтырып айтуға тұрарлық жанаулық.

Сөкеннің шығармашылық еңбектерінің өзі тұтас бір дәуірде еңбек еткен тұлғалы азаматтар мен қарапайым еңбек адамдарының, солар арқылы қоғамның тарихи шежіресін көз алдымыздан тіпектеп өткізетініне риясыз баса боласын. Оның жазбаларынан автордың парасат пайымы биік, қабілет-қарымы аса ауқымды, ойлау қабілеті тұңғышқ теренде, сөйлем құрылымынан шешендіктің қайталанбас белгілерін, сөз құдіретін ойды оятатындай орынды пайдалана білетіні көрініп тұр. Өзінің шығармаларында жастарды адамгершілікке, рухани тазалыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында терең ой қозғайды. Жарияланған мақалаларында айтылған тұжырымды пікірлері, ойлары, қазіргі кезеңнің түйткілді мәселелерін шешу жөніндегі ұсыныстары, қандай болсын өмір ағысын алыстан аңғаратын халықтың нағыз қайраткер азаматы екенін көрсетеді. Өрқашан «өз халқыңды, өз Отаныңды шексіз сүйе білуден асқан қасиетті іс жоқ» деп түйіндейді. Кейпікерімдіздің қаламынан шыққан «Алтын алма, ақыл ал», «Бақтыңды бағалай біл», «Ер қанаты», «Мұхтар Әуезов – Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы», «Ілесі кім бұл елдің, кіесі кім бұл жердің?», «Парыз бен парасат» атты кітаптарынан ұлықтың белгісін көреміз.

Қорытынды айтсақ, Сейілбек Шаухаманов барлық ірі теңеге лайық, еліне еңбегін аямаған, елінің нағыз азаматы, зиялысы, қоғам қайраткері болды. Сөкеннің халқына тиген пайдасы, сіңірген еңбегі тарих беттеріне өшпестей болып жазылып қалды.

Шығыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Қызылорда облысының,
Жалағаш ауданының
құрметті азаматы

«ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҰЛҒА» атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді

Ережесі:
КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Әбдіжәміл Нұрпейісовтің 100 жылдық мерейтойына орай «ТЕҢІЗ ТЕКТІ ТҰЛҒА» атты жазушы-журналистер арасында шығармашылық байқау өтеді.

Байқау қаламгерлердің шабытын ыңдау мақсатында Арал аудандық өкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылады.

1. Байқаудың мақсаты:
– Ұлт тарихын түгелдей, елдік және ерлік дәстүрді қаламына арқау еткен жазушының гибиратты ғұмырын, шығармашылығын насихаттау;
– Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің бекзата болмысын, өнегелі өмір жолы мен даналығын жастарға үлгі ету;
– Әлем танымал Әбе туралы естеліктер мен ойлы оқиғаларды, мазмұнды материалдарды жинақтау;
– Жазушы-журналистер арасындағы шығармашылық байланысты арттыру.

2. Байқаудың шарттары:
– Қаламгерлер додасына еліміздегі барлық БАҚ журналистері мен жазушылар қатыса алады;
– Додаға әртүрлі жанрдағы шығарма ұсынуға болады. Материал бағытын қаламгер өзі таңдайды;
– Байқауға қатысушылардың жасына шектеу қойылмайды;
– Байқауға қаламгер бір шығарма ғана ұсына алады;
– Материалдың көлемі 7-10 бет. Шығарма 10 беттен асып кетпеуі тиіс;
– Шығармалар электрондық нұсқада Microsoft Word форматында 14 келгем, 1,5 интервалмен, Times New Roman қарпімен ғана қабылданады;
– Байқауға бұған дейін ешбір газетте, журналда, кітапта, электронды ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде жарияланбаған басқа байқауларға жіберілмеген жаңа шығарма ұсынылады;
– Байқауға қатысушы тіпші өзінің толық аты-жөнін, мекен-жайын, қысқаша өмірбаянын, телефон нөмірін, сапалы суреті мен шығармасын tolykyn_gazeta@mail.ru электронды поштасына немесе 8-705 824 74 32 WhatsApp нөміріне #Байқауға хэштегімен жазып жібереді.

3. Байқаудың мерзімі:
– Байқауға қатысатын шығармаларды қабылдау 2024 жылы 15 қазан күні тоқтатылады;
– Қабылданған шығармалардың ішінен іріктеліп шыққан жеңімпаздар Арал қаласына қорытынды кешке шақырылады. (Өтетін орны мен уақыты қосымша хабарланады);
– Іріктелген шығармалар ішіндегі ең үздіктері тәуелсіз қазылар шешімімен анықталады;
– Үздік деп танылған шығармалар БАҚ-на жарияланады.

4. Байқаудың қазылар алқасы:
– Қазылар алқасы қазақ прозасында өзіндік орны бар қаламгерлерден құралады;
– Олар байқауға түскен шығармаларды саралап, ең үздіктерін анықтайды;
– Анықталған шығармалардың жеңген орнын көрсетіп, ұйымдастырушыларға ұсынады;
– Ұйымдастырушылар бөйге жүлдelerini үйлестіреді.

5. Байқау бөйгесі:
– Бас бөйге – 300 мың теңге;
– Бірінші орын – 200 мың теңге;
– Екінші орын – 150 мың теңге;
– Үшінші орын – 100 мың теңге;
– Үнталандыру – 10 адамға 20 мың теңгеден беріледі.

Байқауға түскен шығармалардың сапасына қарай қазылар алқасының ұсынысымен жеңімпаздардың мақұлдауымен байгелер саны өзгеруі мүмкін.

6. Байқау жеңімпаздарын марапаттау Арал қаласында өтеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ алдағы уақытта «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті «Наурыз» 110,0 га учаскесіне және «Дәуімбай-2» 68,0 га учаскесіне егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетіні туралы хабардар етеді.

Жобаны талқылауға қатысуға неміз білдірушілерді «Қызылорда облысы Жалағаш кенті өкіметі аппараты» КММ-ға 8 724 31 31 6 66 телефоны бойынша алдын ала хабарлауларыңызды сұраймыз.

Қоғамдық тыңдаулар 4 қазан сағат 11.00-де Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі н/ж «Руханият» орталығының ғимаратында өтеді.

Жобаны әзірлеуші:
«Сантех-Строй Проект» ЖШС, тел: 8 (725)244-82-07; e-mail: toosantehstroy@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

КГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Жалағашского района» доводит до общего сведения, включая заинтересованную общественность о предстоящем проведении общественных слушаний по рассмотрению материалов проекта «Разработка проекта детальной планировки с топографической съёмкой участка «Наурыз» 110,0 га и участка «Дәуімбай-2» 68,0 га поселка Жалағаш Жалағашского района Кызылординской области».

Желающих принять участие в обсуждении проектов просим заблаговременно обратиться в КГУ «Аппарат акима п. Жалағаш Кызылординской области» по телефону: 8 724 31 31 6 66.

Общественные слушания состоятся 4 октября, поселок Жалағаш, ул. Желтоқсан б/н, в здании центра «Руханият», в 11 ч.00 м.

Разработчики проекта:
ТОО «Сантех-Строй Проект», тел: 8(725)244-82-07; e-mail: toosantehstroy@mail.ru.

Бақұл бол, ардақты ұстаз

2024 жылы 31 тамызда саналы ғұмырын білім саласына сарп еткен ұлағатты ұстаз Гүлжан Қаниева дүниеден өтті. Гүлжан Қаниева 1950 жылы 23 ақпанда Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Ол №38 орта мектебінде 40 жыл жас ұрпаққа тәрбие беруде қызмет атқарған. Н.В.Тоголь атындағы пединституттың «Бастауыш класс оқыту методикасы мен педагогикасы» факультетін бітірген.

Жемісті еңбек еткен жылдары бастауыш партия ұйымы хатшысы, бастауыш класстардың оқу ісін меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарған. 1987 жылы Алматы қаласында шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің 1-слетіне делегат болды. 1991 жылы республикалық «Қазақ тілі» қоғамы семинарына қатысқан.

Ұлағатты ұстаз 1991 жылы аудандық «Жыл мұғалімі» байқауында I орын иеленді. 1983-1994 жылдары республикалық, облыстық баспасөз беттерінде мақалалары жарияланған. 1992-2002 жылдары Аққудың №38 орта мектеп директоры қызметін абыроймен атқарды. 2008 жылдан бастап зейнеткерлікке шығып, 5 бала тәрбиелеп өсірді.

Саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиелеуге арнап, салада ұзақ жыл қалтқысыз қызмет еткен үшін Гүлжан Қаниева 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ағылс хатымен марапатталған. Алайды жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Алдабағен Бисенов атындағы №38 орта мектеп ұжымы марқұмын отбасы мен ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

А.Бисенов атындағы №38 орта мектеп ұжымы



Алтын ұя



Мырзабайдағы орта мектеп

Былытқы оқу жылында 17 түлек ауылдағы алтын ұясымен қоштасқан. Олардың 10-ы ҰБТ-ға қатысып, 8-і мемлекеттік грантпен ЖОО-да білім алу мүмкіндігіне ие болған. Мектеп директорының айтуынша, былытқы түлектер ауыл шаруашылығы мамандығы мен IT саласына басымдық берген.

Мектеп басшылығы ұстаздардың біліктілігін арттыруды жеті назарда ұстайды. Қазіргі таңда мектепте 43 мұғалім жұмыс жасайды. Оның 39-ы жоғары білімді, 4-еуі арнаулы оқу орнын бітірген, ал 5-еуі – магистр. Сондай ақ 7-еуі – педагог зерттеуші, 9-ы – педагог сарапшы, 17-сі – педагог модератор. Мектепте міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақпен 102 бала қамтылған. Мұнан бөлек 42 бастауыш сынып оқушысы тағы бар.

«Кітап – білім бұлағы» демекші, жас ұрпақтың санасында туған еліне деген құрмет пен мақтанш сезім ұялатып, ана тілі мен әдебиетің, тарихы мен өнерін әкертсе, халықтың салт-дәстүрін ардақтай білуге тәрбиелейтін мектептегі кітапханаңың орны ерекше. Кітапханашы Зада Даниярванованың айтуынша, оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығы жоғары, әсіресе көркем әдебиет шығармашылығына қызығушылықтары басым екен.

Бүгінде кітапхана қорында 18 742 кітап бар, оның 8 880-і – оқулық, 4 587-сі – көркем әдебиет. Гаухар Нұратаева кітапхана оқушылардың шығармашылық жұмыспен шұғылданыуына көп ықпал ететін орын екенін тілге тиек етіп, мұнда жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеп, олардың поэзияға деген құштығын арттырып қана қоймай, мәнерлеп оқу жарыстары мен театрландырылған көрініс қою секілді түрлі танымдық шаралар көптеп ұйымдастырылатынын жеткізді.

Жаңа кабинеттер жасақталған

Мектеп директоры Гаухар Нұратаеваның айтуынша, білім ошағы жаңа оқу жылына жақсы жаңалықпен бастаған. Бүгінде 80 жылдан астам тарихы бар білім

ордасын білікті басшылар басқарып, өз заманында мектептің тынысын кеңейтіп, білім алушыларға қолайлы жағдай жасаған. Сол шәкірттер бүгінде ұстаздарына деген алғысын алтын ұяда атына арнайы кабинет ашып жеткізген.

– Өзіңіз көргендей мектебіміз заман талабына сай материалды-техникалық базамен қамтамасыз етіліп, әр пәнді терең үйретуге мүмкіндік беретін қажетті құрал-жабдықтармен, интерактивті тақта, компьютерлермен жабдықталған. Осыған дейінгі тұлғетеріміз өздерінің ұлағатты ұстаздарының атына арнайы кабинет ашып, ішін оқуға қажетті құрал-жабдықтармен тоқтырып, іні-қарындстарының заманауи кабинеттерде білім алуына, мектептің жаңаруына көптеп көмектесуде, – дейді Г. Нұратаева.

Иә, мектеп тынысымен танысып жүргенімізде ұстаздардың есімі берілген арнайы кабинеттерге назарымыз түсті. Гаухар Нұратаеваның айтуынша, мектептің 18 жыл басқарған Іскендір Қарқынбаев есімді математика пәнінің мұғалімі болған Ұлағатты ұстаздың еңбегін елеген 1958 жылы дүниеге келген шәкірттері озық қызметкердің құрметіне орай 2020 жылы мектептен арнайы кабинет ашып, ішін толық қажетті құрал-жабдықтармен жарақатқан. Мұнан бөлек бастауыш сынып мұғалімі болған Қыпшақұл Сатқароваға да шәкірттері мектептен 2022 жылы арнайы кабинет ашып, шәкірт үшін ұстаздың орны қашанда бөлек екенін іспен дәлелдеген.

Ал биыл жаңа оқу жылына қарсы тарих пәнінің мұғалімі Алпысбай Елеуұлының ұрпақтары мектептен арнайы тарих кабинетін ашып, ішін толық жабдықтапты.

Мектеп басшысының айтуынша, Алпысбай Елеуұлы 1906 жылы дүниеге келіп, Мырзабай ахун ауылындағы жеті жылдық мектепте білім алған. Мұнан кейін Шымкентте тарих және география факультетін бітірген. 1939 жылы Мақпалкөлде мұғалім болып, 1940 жылы осы ауылда оқу ісінің меңгерушісі болған. 1941-1945



жылдары Қарағанды облысында еңбек етіп, майданға азық-түлік дайындаған. Соғыстан кейін Қызылорда қаласындағы арнайы мұғалімдер дайындайтын курстан өтіп, біліктілігін арттырып, өзінің ауылындағы мектепте жұмыс жасаған.

Алпысбай Елеуұлының ұйымдастырумен ауылға асармен кесек құйылып, «Қызыл дихан» атты жеті жылдық мектептің іргетасы қаланып, 1946-1953 жылға дейін өзі «Қызыл дихан» жеті жылдық орта мектебінде директор қызметін атқарған. Елге жасаған ерөн еңбегінің арқасында «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағымен марапатталған.

Үйірменің үйретері көп

Мұнан бөлек мектепте оқушыларды жан-жақты дамыту жұмысы бір жолға қойылған. Бүгінде аталған білім ошағында бірнеше үйірме

жұмыс жасайды. Атап айтсақ, ән домбыра, қолөнер, тоғызқұмалақ, волейбол, баскетбол, шахмат, доғды, таеквандо және бокс үйірмесі бар.

Білім ордасының тынысымен танысып жүріп, аядай ғана залда жаттығып жатқан оқушылардың көзіміз шалды. Барсақ, таеквандо үйірмесінің жаттықтырушысы Жансұлтан Теміртай бір топ баламен жаттығу жұмыстарын жүргізіп жатыр екен. Мектеп директорының айтуынша, аталған білім ошағының оқушылардың спортқа бейім. Олар сабақтан тыс өткізілетін үйірмелердің арқасында талай додаларда топ жарып, мектеп мерейін үстем етуде.

Жаттықтырушы үйірмеде 8 бен 15 жас аралығындағы 30 бала барын айтты. Оның 15-і ұл, 15-і қыз бала екен. Үйірме оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөлінген. Әр топ спортшылары аптасына екі рет дайындық жүргізеді. Қатысушыларының бірі Аизат Жәнібек қазіргі таңда 9 сыныпта оқиды. Ол 4 сыныптан бері үйірмеге тұрақты түрде қатысып, бірнеше мәрте чемпионаттарда жеңіс тұғырынан көрінген. Сұхбат барысында спортшы қыз алдағы жоспарымен бөлісті. Айтуынша, ол аудармашы болуды армандайды. Әйтсе де спорт саласынан біржолата қол үзгісі жоқ.

– Бүгінге дейін шәкірттерім жас ерекшеліктеріне қарай түрлі жарыстарға қатысып, ҚР чемпионаттарына жолдама алып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Нәтижесінде спортшыларымыздың басым көпшілігі спорт шеберіне үміткер межеден орындады. Қазіргі таңда алдағы уақытта өтетін 2010-2012 жылы туған жәспірімдер арасында ҚР чемпионатына тыңғылықты дайындық үстіндеміз, – дейді таеквандо үйірмесінің жаттықтырушысы Жансұлтан Теміртай.

Мұнан бөлек мектепте бокс үйірмесі де жүйелі жұмыс жасап тұр. Аудан орталығынан шалғай орналасқан аядай ғана ауылда бірқатар сайыпқыран спортшы бар.

Бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Асқар Қуанышовтың мектеп жасындағы балаларды спортқа баулып, жұмыс жасап жатқанына биыл тура 10 жыл болыпты. Талай додаларда қарсыласына есесін жібермеген Асқар бүгінде білікті бапкерге айналған. Тәжірибесі мен білімін ауыл жастарының бойына сіңіріп жүрген ол жеңісті жолдан жығылмайтын шәкірттерімен мақтанады.

Қазіргі таңда үйірмеде 43 ер бала бар. Біз 10-16 жасқа дейінгі балаларды қабылдаймыз. Жас ерекшеліктеріне қарай 10 мен 12 жас аралығындағы оқушылар аптасына 5 рет, одан жоғары жастағы спортшыларымыз аптаның 6 күнінде сабақтан тыс дайындық залында болады. Шәкірттеріміздің жетістігі жаман емес. Облыстық, республикалық жарыстар да мектебіміз бен ауданымыздың абыройын асқақтатып келеді, – дейді бапкер.

Әрине, білікті бапкерден тәжірибе жинақтаған жастардың бұндай жетістікке жетуі заңдылық. Арнайылап ауылға келген соң ауыл спортшыларымен тілдесуді жөн көріп, спорттық шежіресін 8 сыныптан бастаған Серікбол Жұмағазыны еңгіме тарттық.

– Бірде жаттықтырушы мектепте өткізілген спорттық сайыста менің боксқа бейім екенімді байқап, үйірмеге қатысуға шақырды. Күнделікті дайындыққа барып жүріп, ақырындап бұл спорт түріне деген қызығушылығым артты. Алғашқы жарыстан орын алуым менің бұл спортты одан әрі жалғастырып, үлкен додаларда бақ сынауыма сеп болды, – дейді жас спортшы.

Иә, Серікбол бүгінге дейін жеке-жеке ұрыс алаңында қарсыластарына өзіндік бірнеше мәрте мықтылығын дәлелдеп, аудан абыройын асқақтатқан. Ол сұхбат барысында мой-

спортшылары қатысқан. Өзіміздің қазақ боксшылары және тәжікстан елінен келген спортшымен бақ сынасып, финалға жолдама алдым. Қарсыласыммен ұрыс алаңында алтыға таласып, тартысты ойын өрнегін көрсетіп, ұттым. Алайда жеңімпазды көрсететін сәтте төреші менің емес, Алматыдан келген қарсыласымның қолын көтеріп, әділетсіздік орын алды. Сол кезде қаншама ай үй көрмей, дайындалған еңбегім далаға кетті деп көзіме жас алғаным бар. Бұл жарыстан кейін аздап сағым сыңғаны рас. Жарыс біткен соң ойынды тамашалаған бейтаныс ағалар жаныма келіп «сен жеңілген жоқсың, біз үшін сен чемпионсың» деп жұбатса, енді бірі «сен енді боксқа қатыспай-ақ қой, жеңіс сенің жағыңда емес» деп мін айтты. Мойынға таққан медальда қаншама ерік-жігер мен тәлімгер тер бар. Ол тек спортшы мен бапкерге ғана аян. Жеңіске алпарар жол тынымсыз еңбек пен берік мақсаттан құралады. Бапкеріміз «бұл жарыстың соңы емес, әлі талай қарсыластарыңа өзіңнің мықты екеніңді көрсетесің» деп маған сенім білдіргені бойыма қайта күш берді, – дейді спортшы Серікбол.

Бұл жарыста көрермен көзайымына айналған спортшымыз «Жеңіске деген құштарлығы үшін» атты арнайы кубог иегері де атанған.

«Жағым сынса да, сағым сынбасын» деген Серікбол жарыстан келе сала үйірмедегі дайындығын одан ері күшейтіп, бар зейінін боксқа бұрған. Нәтижесінде ол – бүгінде спорт шеберіне үміткер. Бапкердің айтуынша, Серікболдан бөлек үйірмеде тағы да 10-ға жуық спорт шеберіне үміткер бар. Мәселен, Кендірбай Нұрперзент, Бақытбекұлы Әлиұлы, Оразағы Шахдияр, Кішкенбай Алмас, Талипов Хамит, Ерлан Нұрлыбек сынды спортшылар да байрақты бәсекелерде топ жарып жүр.

Айта кетейік, осы үйірмеден түлеп ұшқан спортшылар да бар. Мәселен, аудан тарихында бокс спортынан алғашқы болып спорт шеберін орындаған Мадияр Айдосұлы – осы үйірменің түлегі. Ол қазіргі таңда Алматы қаласындағы республикалық колледжде білім алады. Мұнан бөлек Біләл Ернұр мен Нұрғазы Нұрдаулет те осы үйірмеден түлеп ұшып, бүгінде жоғары оқу орындарында білім алады.

Аудан спортының дамуына өзіндік үлес қосып отырған шағын ғана үйірмені тізе берсек, жетістігі баршылық.



нына қанша алтын медаль тақса да, өзіне Қармақшы ауданында өткен республикалық ашық турнирде алған күміс медаль ыстық екенін жеткізді. Себебі аталған жарыстан кейін Серікбол бұл спорт түрімен енді айналыспаймын деп ойлаған. Әйтсе де өзіне сенім білдіріп, қолдайтын жандар барда шаршы алаңнан тек чемпион болып шығуға бел буған.

– Иә, шаршы алаң – тек мықтылар майданы. Бұл жарысқа 4 елдің

Білікті бапкер Асқар бүгінде шәкірттерімен осы айдың 17-сі мен 22-сі аралығында жастар арасында өтетін халықаралық жарысқа дайындық үстінде. Оған осы үйірмеден екі спортшы қатысады. Мұнан кейін үйірме спортшыларын қазан айында облыс біріншілігі күтіп тұр. Аядай ғана ауылдағы үйірменің бүгінгі тынысымен танысып, ауыл жастарының бағындырар бөлесі биік екеніне көзіміз жетті.

Маман мерейі



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-56

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды

Жаңа оқу жылы басталысымен еліміздегі бір мектепте 500-ге жуық оқушы астан уланды. Сорақысы, балалар мектеп асханасында тегін ыстық тамақ ішкеннен кейін ауырған. Азық-түлік немесе тамақтан улану – сапасыз өнімдерді пайдаланудан болатын жағдай. Осы оқиғадан кейін елдегі барлық мектептің асханасы тексеріліп жатыр. Біз де арнайы Мырзабай ахун ауылындағы мектепке табан тіреген соң асханасының жай-күйімен танысып, оқушылардың ас ішу сәтін көзімізбен көріп қайттық.

Барсақ, бас аспазшы Лиза Нәзік-баева екінің ауысында тамақтанатын балалардың тамағын дайындап зыр жүгіріп жүр. Аспазшымен тілдесу үшін қолы босағанын күтіп, асханада сәл кідірді жөн көрдік.

Бір кезде дәлізде «Балбырауын» күйі ойнағаннан кейін асханаға қарай бет алған бір топ баланың аяқ алысы көрінді. Есіктен енген бойда сәлемдескен балалар әдеттегідей қолдарын жуа сала дастарханға жайғасты. Алдарына ұсынылған асты сүйсініп жеп, қосымша тағы тамақ сұрағандар да болды.

Бас аспазшы Лизаның айтуынша, бұл – күнделікті қалыпты жағдай. Ол балалардың тамақты тойып жеп, алғашқы алысын алғаннан артық ештеңе жоқ дейді.

– Оқушыларды ыстық тамақпен қамтып жүргеніме 11 жыл болды. Барлығын өз баламдай көремін. Ас мәзіріне сәйкес әр күнде әртүрлі тағам дайындаймын. Бүгін балаларға қолдан кеспе жасадым. Мұнан бөлек салат пен алма, шыршы, екі түрлі нан берілді. Мұнда бастауыш сыныптың 42 оқушысы мен 102 әлеуметтік аз қамтылған отбасының балалары

үш ауысым бойынша тамақтанады. Балалардың бір мезгіл ыстық тамақ ішуі олардың жақсы өсіп, дамуына үлкен септігін тигізеді деп ойлаймын, – дейді аспазшы.

Аспазшы Лизамен қатар мұнда 1 аспазшы жұмыс істейді. Олар таң сәрімен ерте келіп, балаларға нанды арнайы қолдан көміп, пісіреді. Аспазшылардың айтуынша, кей балалар үйдегідей тамаққа таба нан батырып жегенді жақсы көреді. Бұл жайты назарға алған аспазшылар балаларға үйдегідей жағдай жасау үшін нан көмуді қолға алған.

Бетті дайындаған Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1406

Кезекші редактор: Ақтоты БҮРКІТБАЙ